

Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 349 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18916 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а. 29.05.2020 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. З Қ А И - н ы ң ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабын 1), "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша" тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдар мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) "Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) "Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес;

5) "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік

тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес;

б) "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес;

7) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес бекітілсін

2. Осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және оған енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
цифрылық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі

_____ А. Жұмағалиев

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

26 маусымдағы № 349

бұйрығына

1-қосымша

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есепті тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге қатысты және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге қатысты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

4. Құжаттарды тапсырған кезден бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі;

саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу: қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша он жұмыс күннен кешіктірмей, көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс он бес жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі;

саяси партияларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетінең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды;

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

2) порталда - акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, өтініш берілген кезден бастап жұмыс күнінің бір сағаты ішінде көрсетіледі.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажеттігі болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғаны, филиалды немесе өкілдікті мемлекеттік (есептік) тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін тоқтатылатұрады.

Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді , сонымен қатар, саяси партияларды, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жүзеге асырады.

Құрылған, қайта құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді, жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, қорларды және заңды тұлғалардың бірлестіктерін, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ қорлар мен заңды тұлғалар бірлестігін есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүргізеді.

Коммерциялық ұйымдарға жатқызылатын заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуін және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеуін Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды/қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1 қосымшаға сәйкес бойынша коммерциялық емес ұйымға жататын заңды тұлғаны және 2 қосымшаға сәйкес коммерциялық ұйымға жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (бұдан әрі - анықтама), сондай-ақ 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық емес ұйымға жататын заңды тұлғалардың филиалын және 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық

ұйымға жататын заңды тұлғаның филиалын (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама, не осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден жазбаша түрде дәлелді бас тарту.

Порталға жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жолданады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы көрсетіледі.

Коммерциялық емес ұйымдарды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін тіркеу алымы белгіленген. Тіркеу алымының сомасы осы стандартқа 6-қосымшасына сәйкес "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі және салық салу объектісінің тіркеу орны бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның 10 бабы заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы тауар (жұмыс, қызмет) бағасына сай, коммерциялық ұйымдар және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін төлем алынады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда, төлем портал арқылы "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті берушілер:

1) Министрлікте және аумақтық әділет органдарда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) Мемлекеттік корпорациясының филиалдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

3) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының Еңбеккодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсету жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.

4) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін:

осы стандартқа 7 (заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш), 8 (қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы өтініш), 9 (қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш) және 10-қосымшаларға (қызметін үлгілік жарғы негізінде өзінің жүзеге асыратын өндірістік кооперативті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш) сәйкес нысандар бойынша өтініштер (бұдан әрі - өтініш). Мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалар, тізім ұстаушының белгісі бар өтініші ұсынады.

қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсаты қосымша ұсынылады;

тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 172-бабында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші орган монополияға қарсы органның келісімімен жүзеге асырады;

орта және ірі кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың бірі не шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мемлекеттік органдар не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жалғыз құрылтайшы не құрылтайшылардың бірі болып табылатын жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қояды және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабында көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса бере отырып, оны тіркеуші органға береді;

орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) осы стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орта кәсіпкерлік субъектісін мемлекеттік тіркеу туралы және банктік шотты ашуға және қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарын жасамай жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) өтініш береді;

жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін өтінішке құрылтайшы (құрылтайшылар) не осыған уәкілеттік берілген адам қол қояды және оны "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабында және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабында көзделген жағдайларда, нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса бере отырып, тіркеуші органға береді;

акционерлік қоғам:

өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды қоспағанда, жарғы;

құрылтай жиналысының хаттамасы немесе жалғыз қатысушының шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және коммерциялық емес акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат немесе шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлемді төлегенін растайтын құжат.

егер заңды тұлғатиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілеріне, сондай-ақ акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік

кәсіпорындарды заңды тұлғаларды және құру Қазақстан Республикасының заңдарында өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларға жатқан жағдайда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын-ала келісімімен жүзеге асырылады;

коммандиттік серіктестік:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлемді төлегенін растайтын құжат.

толық серіктестік:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлемді төлегенін растайтын құжат.

өндірістік кооператив:

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), ЖСН, тұрғылықты жерін көрсете отырып, өндірістік кооператив мүшелерінің тізімі;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлемді төлегенін растайтын құжат.

тұтыну кооперативі:

жарғы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

тұтыну кооперативі азаматтар үшін -осы кооператив мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), ЖСН және тұрғылықты жері және заңды тұлға үшін - тұрғылықты жері, банктік деректемелері туралы мәліметтер және БСН көрсетілген олардың тізімі ұсынады;

қосымша жауапкершілігі бар серіктестік:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлемді төлегенін растайтын құжат.

жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлемді төлегенін растайтын құжат.

мемлекеттік кәсіпорын:

жарғы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның кәсіпорынды құру туралы шешімі;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлемді төлегенін растайтын құжат.

мемлекеттік мекеме:

мемлекеттік мекемені құру туралы шешім;

ереже (жарғы);

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

тұрғын үй-құрылыс кооперативі және тұрғын үй кооперативі:

жарғы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.

Тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыс кооперативтері осы кооператив мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), тұрғылықты жері және ЖСН көрсетілген тізімін ұсынады;

үй-жай (пәтер) иелерінің кооперативі:

кондоминиум объектісіндегі үй-жай (пәтер) иелерінің құрылтай жиналысының хаттамасы немесе жазбаша сауалнама бойынша нәтижесі бардауыс беру парақтары хаттама;

жарғы;

кондоминиум объектісін тіркеу немесе қайта тіркеу туралы мемлекеттік акт нетіркеуші органның мөртабаны бар кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеуді растайтын құжат;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

адвокаттар алқасы: адвокаттар алқасы мүшелерінің құрылтай жиналысында (конференциясында) бекітілген жарғы;

уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

нотариаттық палата:

нотариаттық палата басқармасы мүшелерінің құрылтай жиналысында (конференциясында) бекітілген жарғы;

уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

қор:

жарғы;

құрылтай шарт (құрылтайшысы бір адамнан көп болғанда);

уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімі;

алқалы органының (қамқоршылық кеңестің) атқарушы органды тағайындау туралы шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

қоғамдық бірлестік:

құрылтай съезінде (конференциясында, жиналысында) қабылданған жарғы; төрағасы және съезд (конференция, жиналыс) хатшысы қол қойған, жарғыны қабылдаған құрылтай съезінің (конференциясының, жиналысының) хаттамасы;

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), ЖСН, тұрғылықты жері, үй және қызметтік телефоны, жеке қолтаңбасы көрсетілген қоғамдық бірлестіктің бастамашы азаматтарының тізімі;

заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.

Саяси партияларды тіркеу кезінде қосымша мыналар ұсынылады:

партия бағдарламасы;

партияның мүшелерінің тізімі құрамында кем дегенде қырық мың партия мүшелерін білдіретін құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қалада және Нұр-Сұлтан, саны кемінде алты жүз партия мүшесінің әрқайсысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), ЖСН, тұрғылықты мекен-жайы;

Саяси партияны құру үшін саяси партияны құру жөніндегі ұйымдастыру комитеті тіркеу органына, осы Стандарттың 12 қосымшасына сәйкес нысандағы және де Қазақстан Республикасы "Саяси партиялар туралы" Заңының 6-бабына сәйкес саяси партияны құру жөнінде хабарлама ұсынады:

1) осы Стандарттың 13 қосымшасына сәйкес нысандағы электронды және қағаз тасымалдағышта ұйымдастыру комитеті мүшелері туралы мәліметтер және саяси партияны құру бойынша ынталы топ азаматтарының тізімі

2) құрудың мақсаты, саяси партияның болжанған атауы, мекен-жайы және ұйымдастыру комитетінің басқа да мүлігі мен қаржысын құру мен пайдалану көздері көрсетілген хаттама, сондай-ақ оның қызметін қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық келісім-шарттарды құруға және ұйымдастыру комитетінің қаржысын құрауға арналған есеп-шотты ашуға өкілеттігі бар комитеттің мүшелері туралы мәлімет.

Тіркеуші орган ,осы тараудың 1) , 2) тармақтарымен көзделген, хабарлама мен құжаттарды табыс етілген күні , ұйымдастыру комитетінің өкілетті тұлғасына құжаттарды табыс етілгені туралы, осы Стандарттың 14 қосымшасына сәйкес нысанда растап береді.

Саяси партияны тіркеу барысында қосымша ұсынылады:
партияның бағдарламасы;

осы Стандарттың 15 қосымшасына сәйкес нысанда электронды және қағаз тасымалдағышта партия мүшелерінің тізімі, құрамында олардың барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы кемінде алты жүз мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерді (филиалдар мен өкілдіктерді) білдіретін кемінде қырық мың партия мүшесі болуға тиіс.

заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі, даракәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігі, дара кәсіпкерлер бірлестігі:

жарғы;

бірлестіктің барлық құрылтайшылары қол қойған құрылтай шарты;

уәкілетті органның заңды тұлғаны құру туралы шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

аудиторлар палата:

жарғы;

уәкілетті органның заңды тұлғаны құру туралы шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

діни бірлестік:

діни бірлестіктің басшысы қол қойған діни бірлестіктің жарғысы;

құрылтай жиналысының (съезінің, конференциясының) хаттамасы;

құрылатын діни бірлестіктің бастамашы азаматтарының осы стандартқа 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштегі тізімі;

діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат;

діни ілімнің, пайда болу тарихын жәненегіздерін ашатын және өзіне тиісті діни қызмет туралы мәліметтерді қамтитын діни баспа материалдары;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

діни бірлестіктің басшысын тағайындау туралы шешім немесе басшысын шетелдік діни орталық тағайындаған жағдайда уәкілетті органмен келісімді растайтын құжат.

Өңірлік діни бірлестікті тіркеу кезінде өңірлік діни бірлестікті құруға бастамашы болған әрбір жергілікті діни бірлестік қатысушыларының тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша тізімі, сондай-ақ олардың жергілікті діни бірлестіктерінің жарғыларының нотариаттық куәландырылған көшірмелері қосымша ұсынылады;

республикадан тыс жерде басқарушы орталығы бар діни бірлестік қосымша мыналарды:

қазақ және орыс тілдерінде нотариаттық куәландырылған аудармасы бар шетелдік орталық жарғысының көшірмесін;

діни орталық өз елінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын қазақ және орыс тілдерінде нотариаттық куәландырылған аудармасы бар тізілімнен үзінді көшірме немесе басқа құжатты ұсынады.

Діни басқармалар (орталықтар) негізін салған рухани оқу орындарының, мешіттердің, монастырьлардың және өзге де діни бірлестіктердің жарғыларын (ережелерін) осы діни басқармалар (орталықтар) бекітеді.

тіркеу үшін оларды құру туралы діни басқарманың (орталықтың) уәкілетті органының шешімі ұсынылады.

мекеме:

меншік иесінің мекемені құру туралы шешімі;

ереже (жарғы);

құрылтай шарты немесе ұқсас келісім (меншік иелері (құрылтайшылар) біреуден көп болғанда);

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

бағалаушылар палатасы:

жарғы;

уәкілетті органның заңды тұлғаны құру туралы шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат;

заң консультанттары палатасы:

жарғы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді заңды тұлғаны құру туралы уәкілетті органның шешімі;

есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат;

адвокаттық кеңсе:

жарғы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді заңды тұлғаны құру туралы уәкілетті органның шешімі;

есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

2) филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеу үшін:

қазақстандық заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі):

осы стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік тіркеу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

Өтінішке филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат қоса беріледі, коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғалардың немесе "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдігі) үшін төлем төлегенін растайтын құжат.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері), сондай-ақ акционерлік қоғамдар үшін заңды тұлға бекіткен қазақ және орыс тілдерінде үш данадағы филиал (өкілдік) туралы ереже, жарғының (ереженің) көшірмесі және филиалдың (өкілдіктің) басшысына берілген заңды тұлғаның (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) сенімхаты қосымша беріледі.

Өтінішке филиалды (өкілдікті) құратын заңды тұлға уәкілеттік берген адам қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен (болған кезде) бекітіледі.

Заңды тұлғаның басшысы филиалдың (өкілдіктің) басшысы болып табылатын жағдайда, тіркеуші органға сенімхатты ұсыну талап етілмейді.

Мемлекеттік кәсіпорын филиал (өкілдік) құрған кезде, Ұлттық банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік) құруға келісімін растайтын құжат қосымша беріледі.

шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі):

осы стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік тіркеу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

заңды тұлға органы бекіткен филиал (өкілдік) туралы ереже;

қазақ және орыс тілдерінде нотариаттық куәландырылған аудармасы бар филиал немесе өкілдік басшысына заңды тұлға органы берген сенімхат;

қазақ және орыс тілдерінде нотариаттық куәландырылған аудармасы бар филиал (өкілдік) құру үшін заңды тұлғаның шешімі;

филиал (өкілдік) ашатын осы субъект өз елінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, қазақ және орыс тілдерінде нотариаттық куәландырылған аудармасы бар сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірме, немесе басқа да заңдастырылған құжат;

заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының қазақ және орыс тілдерінде нотариаттық куәландырылған аудармасы бар көшірмесі;

шетелдік коммерциялық емес ұйымның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу үшін алынатын алымды бюджетке төлегенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат немесе "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына Шетелдік коммерциялық ұйымның филиалы (өкілдігі) үшін төленген төлемді растайтын құжат.

3) қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін:

осы стандартқа 7, 8, 9 және 10 сәйкес өтініш (бұдан әрі – өтініш);

заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі немесе 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 231-бабында және 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда сот шешімі;

заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетіле отырып, бірігу, қосылу, қайта құрылу кезінде – тапсыру актісі, бөліну, бөлініп шығу кезінде – бөліну балансы және заңды тұлғаның уәкілетті органының тапсыру актісі мен бөліну балансын бекіту туралы шешімі;

заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат;

коммерциялық емес ұйым болып табылатын қайта құрылған заңды тұлғаның қызметін тоқтату үшін төленетін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат немесе, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына коммерциялық ұйым болып табылатын қайта құрылған заңды тұлғаның қызметін тоқтату үшін төленетін алымның төленгенін растайтын құжат.

Мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған құрылтай құжаттары тігілген және нөмірленген түрінде, үш данада ұсынылады, (жеке кәсіпкерлік субъектісі болып саналатын заңды тұлғаны қоспағанда, акционерлік қоғамдарды қоспағанда).

Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып саналмайтын заңды тұлғаға, сонымен қатар акционерлік қоғамға бұрынғы құрылтай құжаттардың түпнұсқалары беріледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметтерді алушылардан:

1) ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды;

2) Қазақстан Республикасының зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейтін заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушіге салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылған құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелерін талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, көрсетілетін қызметті алушының тіркеу жарнасының сомасының төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметтерді беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады".

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беруді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жеке басын куәландыратын құжатты (не сенімхатты) көрсеткен кезде қабылдап алғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге әрі қарай сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

порталда:

шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылуы басталғаны туралы банктік шотты ашып және қызметкерді жазатайым

оқиғалардан міндетті сақтандыруға (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарын жасамай жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) осы Стандартқа 17 сәйкес нысан бойынша хабарлама береді;

орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) орта кәсіпкерлік субъектісін мемлекеттік тіркеу туралы және банктік шотты ашуға және қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарын жасамай жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді;

Портал арқылы жүгінген кезде ЭЦҚ көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі алынған күн мен уақыт көрсетіле отырып хабарлама жіберіледі.

Ескерту:

Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат болып, жалға алу шарты және азаматтық заңнамамен көзделген басқа да құжат болып табылады.

Егер де ғимараттың иесі жеке тұлға болған жағдайда, жеке тұлғаның ғимаратты заңды тұлғаға орналасу жері ретінде беруге нотариалды куәландырылған келісімін ұсынады.

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартудың негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, оның ішінде 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабында және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңның VI тарауында белгіленген заңды тұлғаны құру(қайта ұйымдастыру) тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келмеуі;

2) тапсыру актісін немесе бөліну балансын ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқоры туралы ережелердің болмауы;

3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) әрекет етпейтін заңды тұлға болып табылса;

4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекет етпейтін заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылса

және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылса және (немесе) қайтыс болған деп жарияланса және (немесе) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 237, 238 және 240-баптары бойынша қылмыстары үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болса, сондай-ақ мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын және мерзімдік өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан асатын берешегі жоқ адамды қоспағанда, заңды тұлғаның құрылтайшысы (жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға), басшысы, заңды тұлғаның заңды тұлғаны құрған құрылтайшысы және (немесе) басшысы атқарушылық құжат бойынша борышкер болып табылса;

5) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген болса;

б) жеке басты куәландыратын жоғалған жеке (немесе) жарамсыз құжаттарды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған анық емес құжаттарды және (немесе) олардағы деректерді (мәліметтерді) ұсыну;

7) сот орындаушыларының және құқық қорғау органдарының сот актілері мен қаулыларының (тыйым салуларының, қамауға алуларының), оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімдерінің (үкімдерінің), сондай-ақ алушыны мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айыруға негіз болған сот шешімдерінің болуы;

8) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, келісу туралы сұрау салуғатеріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуден бас тартудың қосымша негіздері "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

Филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеуден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сондай-ақ "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында және 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 43-бабында белгіленген филиалды (өкілдікті) бұзылған құру тәртібі, сондай-ақ есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995

жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келмеген жағдайд жүзеге асырылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) шағым осы стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның тегі, аты-жөні (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қоюға тиіс.

Шағым жасалған кезде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш жасау себептері ("Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес) көрсетілуі тиіс.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол, сонымен қатар бейне конференция байланысы немесе бейне жолдау арқылы қабылданады.

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алатын мерзімі мен орыны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның басшысына осы мемлекеттік қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар арқылы не: 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші

данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты алу мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс телефоны арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушыға шағымды "жеке кабинеттен" портал арқылы жіберген кезде өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі қою, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті, орталық мемлекеттік орган, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен, қала ішіндегі ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, елді мекеннің, ауылдың, ауылдық округтің әкімімен шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын уақытқа созылады:

1) шағым бойынша қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу, болмаса орналасқан жерге тексерумен шығу.

2) қосымша мәлімет алу.

Шағымды қарау мерзімі созырылған жағдайда, шағымды қарауға өкілеттілігі бар лауазымды тұлға, арызды қарау мерзімі созырылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде, арыз берген қызмет тұтынушыны арызды қарау мерзімі созырылғаны туралы жазбаша түрде(арыз қағазға жазылып берілген жағдайда) немесе электронды түрде(арыз электронды түрде берілген жағдайда), созырудың себебін түсіндіріп хабардар етеді.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бейімделуді жүзеге асыру қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға: 1414, 8 800 080 7777. Бірыңғай байланыс орталығы арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайы интернет-ресурстарда орналастырылған:

көрсетілетін қызметті беруші – www.adilet.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының порталда "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефоны: 8 (7172) 58 00 58. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, филиалдар мен
өкілдіктерді есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің стандартына
1-қосымшасы
Нысан

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (нұсқа: (Аймақтық әділет органы
) _____)

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы Анықтама _____
_____ бизнес-сәйкестендіру нөмірі

_____ елді мекен 20__ жылғы "___" _____

Атауы: _____

Орналасқан жері: _____

Басшы: _____

Құрылтайшылар (қатысушылар) _____

Қызметін үлгілік жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгінін растайтын құжат болып табылады

Тіркеу органының басшысы _____

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға))

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (нұсқа: (Аумақтық болімшелер) _____)

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы Анықтама _____
_____ бизнес-сәйкестендіру нөмірі

_____ елді мекен 20__ жылғы "___" _____

Атауы: _____

Орналасқан жері: _____

Басшы: _____

Кұрылтайшылар (қатысушылар) _____

Қызметін үлгілік жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгінін растайтын құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы _____

(қолы) _____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға)

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды
мемлекеттік тіркеу, олардың
филиалдары мен
өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (нұсқа: (Аймақтық әділет органы
) _____)

Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу туралы Анықтама _____
_____ бизнес-сәйкестендіру нөмірі

_____ елді мекен 20__ жылғы "___" _____

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы: _____

Заңды тұлғаның атауы: _____

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері: _____

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы _____

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға))

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың
филиалдары мен
өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама алуға сұрау салу

Мен,

(жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған кезде), паспорт деректері (жеке куәлік деректері) және тұрғылықты жері)

(заңды тұлғаның атауы және деректемелері)

негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжат деректемелері)

_____ заңды тұлғаның атынан әрекет етуші
(уәкілетті өкіл толтырады)

Маған _____

заңды тұлғасына заңды (заңды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің атауы) тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беруіңізді сұраймын.

Мынадай құжаттарды қоса беремін: _____

Күні _____, _____ / _____

— (өтініш берушінің/уәкілетті өкілдің (Т.А.Ә. бар болған кезде және қолы)

_____ (сұрау салуды қабылдаған маманның Т.А.Ә. бар болған кезде және қолы)

Өтінішті орындау/қарау нәтижесі: _____

тексерілді: күні 20__ жылғы _____

_____ (маманның Т.А.Ә. бар болған кезде және қолы)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

_____ 2019 жылғы 26 маусымдағы
№ 349бұйрығына
4–қосымша

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Әділет Министрлігі мен оның аумақтық органдары коммерциялық болып табылмайтын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге және "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Құжаттарды тапсырған кезден бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияда:

жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының телнұсқасын беру үшін : қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша үш жұмыс күннен кешіктірмей, көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс сегіз жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Мемлекеттік корпорацияға жүгіну кезінде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды;

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

2) порталда – үш жұмыс күн ішінде.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын қағаз жеткізгіште беру.

Порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайын екендігі туралы хабарлама оны алу орны мен күні көрсетіле отырып, электрондық цифрлық қолтанбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Осы стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және қағаз

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушілер:

Министрлікте және аумақтық әділет органдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) Мемлекеттік корпорациясының филиалдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

3) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және белгіленген жұмыс кестесі сәйкес, демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электронды кезекті броньдауға болады.

4) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері

жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру туралы осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен (ол болған кезде) бекітілген шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

3) жарғы (ереже) телнұсқасының жоғалғаны туралы ақпараттың мерзімді баспасөз басылымында жарияланғанын растайтын құжат.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беруді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жеке басын куәландыратын күәлікті (не сенімхатты) көрсеткен кезде жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақталуды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай ішінде жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша бір жұмыс күн ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Порталда:

1) өтініш;

2) жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен (бар болған кезде) бекітілген шешімінің электронды көшірмесі не шешімінен үзінді көшірме;

3) заңды тұлғаның құрылтай құжаттырында көзделген мерзімді баспасөз басылымында жарияланғанын растайтын, жарғы (ереже) телнұсқасының жоғалғаны туралы ақпарат көрсетілген электронды көшірмесі.

Порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық цифрлік қолмен куәландырылған электрондық құжат нысанында, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алудың күні мен уақыты көрсетіле отырып, сұрау салуды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті берушіге Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпиясы бар мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

9-1. Мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

3) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы негіз болып табылады.

Порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алудың күні мен уақыты көрсетіле отырып, сұрау салуды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

Егер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілген қызметті алушы мемлекеттік қызметті, ЭЦҚ-ы болса, немесе қызмет алушының ұялы байланыс операторы ұсынған абоненттік номері порталдың есептік жазуына қосылып, бір жолғы парольді қолданған жағдайда, электронды түрде портал арқылы қабылдайды.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілер және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) шағым осы стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның тегі, аты-жөні (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға өтініш беруші қол қоюға тиіс.

Шағым беру барысында үстінен шағым түскен субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың фамилиялары мен инициалдары, жолдама мен талаптардың негіздемелері ("Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес) көрсетілуі тиіс.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол, сонымен қатар бейне конференция байланысы немесе бейне жолдау арқылы қабылданады .

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13–тармағында көрсетілген мекенжайлар және телефондар арқылы Мемлекеттік корпорацияның басшысына не 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығына жүгіну арқылы жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылдануын растау оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушының поштасына жіберіледі, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты алу Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" портал арқылы шағым жіберген кезде өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу орындау туралы белгі қою, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдануға құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органдармен, орталық мемлекеттік органмен, қаланың жергілікті атқарушы органымен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қала ішіндегі ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, елді мекеннің, ауылдың, ауылдық округтің әкімімен шағымдарды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын уақытқа ұзартады:

1) шағым бойынша қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу, болмаса орналасқан жерге тексерумен шығу.

2) Қосымша мәлімет алу.

Шағымды қарау мерзімі созырылған жағдайда, шағымды қарауға өкілеттілігі бар лауазымды тұлға, арызды қарау мерзімі созырылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде, арыз берген қызмет тұтынушыны арызды қарау мерзімі созырылғаны туралы жазбаша түрде(арыз қағазға жазылып берілген жағдайда) немесе электронды түрде(арыз электронды түрде берілген жағдайда), ұзартудың себебін түсіндіріп хабардар етеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды заңнамалық тәртіппен белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бейімделуді жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға: 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бейімделуді жүзеге асыру қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға: 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

1) көрсетілетін қызметті беруші – www.adilet.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz. соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 58 00 58. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс - орталығы: 1414.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлға,
сондай-ақ акционерлік қоғам,
олардың филиалдары мен
өкілдіктері жарғысының
(ережесінің) телнұсқасын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

тіркеу органының атауы
Нысан

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктерін жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру туралы өтініш

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _____ 2) филиал _____

3) өкілдік _____

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы _____

3. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) БСН нөмірі _____

4. Заңды тұлғаның (филиалдың және өкілдіктің) құрылтай құжаттарының телнұсқасын беру үшін негіз _____

5. Телнұсқаны алуға арналған үшін шешімнің нөмірі және оны қабылдау күні: _____

6. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің)

төлнұсқасының жоғалғандығы туралы хабарландыру жарияланған баспа органының атауы, нөмірі мен жарияланған күні _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. (болған жағдайда), және қолы.

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

20__ жылғы " __ " _____

Өтінішке: _____ қоса беріледі

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

тіркеу органының атауы

Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты (бұдан әрі - Т.А.Ә.(болған жағдайда),) не ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының № __ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын, атап айтқанда: жоқ құжаттардың атаулары:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

толық тапсырмауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) Т.А.Ә.(болған жағдайда), (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.(болған жағдайда), _____

—
Телефон: _____

—
Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ /
ҚОЛЫ

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 26 маусымдағы
№ 349 бұйрығына
5-қосымша

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Әділет Министрлігі мен оның аумақтық органдары коммерциялық болып табылмайтын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге және "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Құжаттар тапсырылған кезден бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияда:

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ үлгілік болып табылмайтын жарғының неізінде қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу: қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша он жұмыс күннен кешіктірмей, көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс он бес жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

2) Порталда:

заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу өтінішті берген кезден бастап бес жұмыс күнінде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды/қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, филиалдарды, өкілдіктерді есептік тіркеу туралы анықтама не осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Көрсетілетін Порталға жүгінген кезде қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайын екендігі туралы хабарлама оны алу орны мен күні көрсетіле отырып не электрондық цифрлық қолтанбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажеттігі болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғаны, филиалды немесе өкілдікті мемлекеттік (есептік) тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе көрсетілетін қызметті беруші "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңның 9-бабына сәйкес тиісті қорытындыны (сараптама қорытындысын) алғанға дейін тоқтатылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - қызмет беруші) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушілер:

Министрлікте және аумақтық әділет органдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) Мемлекеттік корпорациясының филиалдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

3) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электронды кезекті броньдауға болады.

4) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) Мемлекеттік корпорацияға жүтінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекітілген заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

3) заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекітілген заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мәтінінің үш данасы немесе жаңа редакцияда ресімделген заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің үш данасы;

4) заңды тұлғаның бұрынғы құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің төлнұсқалары;

5) орналасқан жерін растайтын құжат(орналасқан жері өзгертілген жағдайда);

Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттар болып, нотариалды куәландырылған жалға алу шарты және азаматтық заңнамамен көзделген басқа да құжат табылады.

Егер де ғимараттың иесі өзі заңды тұлға болған жағдайда, орналасқан жерін растайтын құжаттар талап етілмейді.

Егер де ғимараттың иесі жеке тұлға болған жағдайда, жеке тұлғаның ғимаратты заңды тұлғаға орналасу жері ретінде бергені туралы нотариалды куәландырылған келісімі қажет.

б) хабарламаға:

заңды тұлға мөрімен (ол болған кезде) бекітілген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме, сондай-ақ құрылтай құжаттарына енгізілген өзгірістер мен толықтырулардың мәтіні;

акционерлік қоғамды, оның филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлға үшін нақты орналасқан жерін растайтын құжат.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған құрылтай құжаттары тігілген және нөмірленген түрінде, үш данада ұсынылады.

Порталда:

1) осы стандартқа сәйкес 1 және 2-қосымшаларға нысандағы өтініш;

2) жаңа редакциядағы жарғының (ереженің), жарғыға (ережеге) қосымшасының электрондық көшірмесі;

3) нақты орналасқан жері (орналасқан жері өзгерген жағдайда) расталған құжаттың электрондық көшірмесі.

Орналасу жері өзгертін жағдайда, өкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен қосымшаларды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасы заңында өзгеше көзделмесе, көрсетілген қызметті берушіге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қолдануға жазбаша келісімін береді.

Мемлекеттік корпорация қызметтің нәтижесін бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін одан әрі сақтау үшін оларды көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорация сұрау хаты бойынша көрсетілетін қызметті

беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметті алушыға беру үшін дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту үшін:

1) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібінің бұзылуы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сондай-ақ "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында белгіленген құрылтай құжаттарының (ереженің) келмеуі;

2) жеке басшы куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған анық емес құжаттарды және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) ұсыну;

3) сот орындаушылардың және құқық қорғау органдарының сот актілері мен қаулыларының (тыйым салуларының, қамауға алуларының), оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімдерінің (үкімдерінің), сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан көрсетілетін қызметті алушының айырылуына негіз болған сот шешімдерінің болуы негіз болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілер және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) шағым осы стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілген қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның тегі, аты-жөні (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға өтініш иесі қол қояды.

Шағым беру барысында үстінен шағым түскен субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың фамилиялары мен инициалдары, жолдама мен талаптардың негіздемелері ("Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес) көрсетілуі тиіс.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол, сонымен қатар бейне конференция байланысы немесе бейне жолдау арқылы қабылданады .

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына не 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылдануын растау оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызмет берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметі алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты алу Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" портал арқылы шағым жіберген кезде өтініш туралы ақпаратқа қолжетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу орындау туралы белгі қою, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті, орталық мемлекеттік орган, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен, қала ішіндегі ауданның , аудандық маңызы бар қаланың , елді мекеннің, ауылдың, ауылдық округтің әкімімен

шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын уақытқа созылады:

1) шағым бойынша қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу, болмаса орналасқан жерге тексерумен шығу.

2) қосымша мәлімет алу.

Шағымды қарау мерзімі созырылған жағдайда, шағымды қарауға өкілеттілігі бар лауазымды тұлға, арызды қарау мерзімі созырылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде, арыз берген қызмет тұтынушыны арызды қарау мерзімі созырылғаны туралы жазбаша түрде(арыз қағазға жазылып берілген жағдайда) немесе электронды түрде(арыз электронды түрде берілген жағдайда), созырудың себебін түсіндіріп хабардар етеді.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды заңнамалық тәртіппен белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бейімделуді жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға: 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

көрсетілетін қызметті беруші – www.adilet.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.

15. Көрсетілген қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефоны: 8 (7172) 58 00 58. Бірыңғай байланыс-орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,
сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

тіркеуші органның атауы
Нысан

Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшыққа x түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _____ 2) филиал _____ 3) өкілдік _____

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы _____

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

4. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізудің негіздемесі (тиісті ұяшыққа x түрінде көрсетіңіз)

1) мекенжайының өзгеруі _____

2) жарғыны (ережені) жаңа редакцияда бекіту _____

5. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері

Пошталық индексі: _____ Облысы: _____

Қала, аудан, қаладағы аудан: _____

Елді мекен (ауыл, кенті): _____

Көше, шағынаудан, орам, тұйық көше, даңғыл: _____

Үйдің нөмірі _____, пәтер, бөлме: _____

телефон нөмірі (факс): _____

6. Басшының Т.А.Ә.(болған жағдайда) _____

(жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып)

7. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшыққа x түрінде көрсетіңіз, сандық көрсеткіште):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

Заңды тұлғаның атауы _____

(БСН көрсете отырып)

Жарғылық капиталдың үлесі % _____ Үлес соммасы (мың теңге) _____

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. _____

— (жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып)

Жарғылық капиталдың үлесі % _____ Үлес соммасы (мың теңге) _____

Егер құрылтайшылары біреуден көп болса олар жөнінде мәлімет:

Т.А.Ә.(болған жағдайда) жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып (жеке тұлға үшін), атауы және БСН (заңды тұлға үшін), сондай-ақ олардың жарғылық капиталдағы үлесі пайыздық және ақшалай түрде көрсетіле отырып, өтінішке қосымша бөлек парақта қоса беріледі.

8. Экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: _____

9. Жарғылық капиталдың мөлшері _____

— 10. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны _____

11. Өзгерістер енгізу негіздемесі қайта ұйымдастыру нәтижесінде туындады (тиісті ұяшыққа х деп көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

12. Қосылу жағдайында мынадай мәліметтерді көрсету қажет: қосылатын заңды тұлғалардың атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

13. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшыққа х деп көрсетіңіз):

1) орта кәсіпкерлік субъектісі _____

2) ірі кәсіпкерлік субъектісі _____

Ақпараттық жүйеде занмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Өтінішке:

_____ қоса беріледі.

20 жылғы " ____ " _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамның енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш

1. Тіркелетін акционерлік қоғамның атауы _____

2. Құрамына шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

3. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

4. Құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізудің негіздемесі (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) мекенжайының өзгеруі _____

5. Акционерлік қоғамның мекенжайы

Пошталық индексі: _____ Облысы: _____

Қала, аудан, қаладағы аудан: _____

Елді мекен (ауыл, кент): _____

Көше, шағынаудан, орам, тұйық көше даңғыл: _____

Үйдің нөмірі _____, пәтер, бөлме: _____

телефон нөмірі (факс): _____

6. Басшының Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

(жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып)

7. Экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: _____

8. Жарғылық капиталының мөлшері _____

9. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз, санын цифрлық көрсеткіште):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

10. Артықшылығы бар акция бойынша дивидендтің кепілді мөлшерін көрсетіңіз: _____

(бекітілген көрсеткіште немесе оның мәні қол жетімді және жүйелі болған жағдайда қандай да бір көрсеткішке қатысты индекстелгенін)

11. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігін көрсетіңіз: _____

12. Міндетті жариялануға жататын ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын, уәкілетті орган айқындаған бұқаралық ақпарат құралдарын көрсетіңіз: _____

13. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің саны _____
үлгілік жарғының 37-тармағының талаптары қаржылық ұйымдарға қолданылады.

14. Қоғамды басқару мүшелерінің саны _____

15. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін саны (шамамен) _____

16. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) орта кәсіпкерлік субъектісі _____ 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі _____

17. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру _____ 2) бірігу _____

3) бөлініп шығу _____ 4) бөліну _____

5) қосылу _____

18. Қайта құруға қатысатын заңды тұлғалардың саны _____

19. Қайта құрылған жағдайда мына мәліметтерді көрсету қажет:

Заңды тұлғаның бұрынғы атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

20. Біріккен жағдайда мына мәліметтерді көрсету қажет:

Бірігуге қатысатын заңды тұлғалардың атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

21. Бөлініп шығу жағдайында мына мәліметтерді көрсету қажет:

Жаңа заңды тұлға бөлініп шыққан, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаның атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

22. Бөлінген жағдайда мына мәліметтерді көрсету қажет:

Заңды тұлғаның негізінде құрылған заңды тұлғалардың атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

Ақпараттық жүйеде занмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

Өтінішке: _____

коса беріледі.

20 жылғы " ____ " _____

Басшының Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы

Қолдың дұрыстығы нотариалдық тәртіпте куәландырылуға тиіс.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,

сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
"Мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
3-қосымша
(көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, болған
жағдайда әкесінің аты (болған
жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә.
(болған жағдайда) не ұйымының
атауы) (көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)
Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхаты

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының № __ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын, атап айтқанда: жоқ құжаттардың атаулары:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

толық тапсырмауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) Т.А.Ә.(болған жағдайда) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.(болған жағдайда) _____

Телефон _____

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә.(болған жағдайда)

/ _____ /қолы 20__ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 26 маусымдағы
№ 349 бұйрығына
6-қосымша

"Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Әділет Министрлігі мен оның аумақтық органдары коммерциялық болып табылмайтын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге және "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Құжаттардың топтамасы тапсырылған кезден бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

порталда:

Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттар қоса беріле отырып, заңды тұлғаны таратуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тапсырылған күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Мемлекеттік корпорацияға:

Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттар қоса бере отырып, заңды тұлғаны таратуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша бес жұмыс күннен кешіктірмей, көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс он бес жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді.

құжаттарды тапсыру үшін күтудің ең ұзақ уақыты - 15 минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 20 минуттан аспайды;

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажеттігі болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғаны, филиалды немесе өкілдікті мемлекеттік (есептік) тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама қорытындысы) алынғанға дейін тоқтатылады.

Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, сонымен қатар, саяси партияларды, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жүргізеді.

Заңды тұлғалардың және олардың филиалдары мен өкілдіктерін, жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, қорлар мен заңды тұлғалар бірлестіктерінің таратуылуын мемлекеттік тіркеуді, және қоғамдық және діни бірлестіктерінің, сондай-ақ қорлар мен заңды тұлғалар бірлестігінің филиалдары мен өкілдіктерін есептен шығаруды аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Коммерциялық ұйымдардың қызметін тоқтатуын мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуден шығаруды "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды/қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу туралы немесе филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару туралы бұйрық не осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.

Порталда жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу туралы немесе филиал мен өкілдік есептік тіркеуден шығару туралы бұйрық не электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін тіркеу алымы белгіленген.

Тіркеу алымының сомасы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартың 2-қосымшаға сәйкес "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі және салық салу объектісінің тіркеу орны бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның 10 бабы заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы тауар (жұмыс, қызмет) бағасына сай, коммерциялық ұйымдар және олардың филиалдары мен өкілдіктерін қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік бойынша мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін төлем алынады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті берушілер:

1) Министрлікте және аумақтық әділет органдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) Мемлекеттік корпорациясының филиалдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

3) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсету жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.

4) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін,

демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару өтініші (бұдан әрі – өтініш);

Үлесінде мемлекеттің қатысы бар заңды тұлға реестр ұстаушының белгісі бар өтініш ұсынады.

Заңды тұлғаның таратылуын тіркеу жөніндегі өтініш заңды тұлғаны тарату жөніндегі мәлімет жарық көргеннен кейін екі ай өткен соң тіркеуші органға ұсынылады.

2) (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның мөрімен бекітілген, құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не заңды тұлға органының шешімі;

3) заңды тұлғаны тарату, кредиторлардың наразылықтар мәлімдеуі тәртібі мен мерзімі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының барлық аумағында тарайтын ресми баспа басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат;

Наразылықтар мәлімдеу мерзімі, банкроттық жағдайларын қоспағанда, таратылғаны туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап екі айдан кем болмайды. Банкроттық кезінде кредиторлардың банкротқа қоятын талаптары кредиторлардың талаптарын мәлімдеуі тәртібі туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде мәлімделуі тиіс;

4) облигациялардың және (немесе) акциялардың күшін жою туралы куәлік және (немесе) облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есеп не бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның акциялар және (немесе) облигациялар шығарылымдарының бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органда жоқ екендігі туралы хаты;

5) (ол болған кезде) заңды тұлға мөрінің жойылғаны туралы құжат;

б) коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін тоқтатуды тіркеу үшін және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеуден шығару үшін төленетін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат, немесе кіші және орта кәсіпкерліктің субъектілерін қоспағанда "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына төлем төленгенін растайтын құжат.

7) акционерлік қоғамды қоспағанда , жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын заңды тұлғаның құрылтай құжаттары;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қосымша:

табиғи монополия субъектісі үшін табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімі беріледі.

Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін көрсетілетін қызметті алушы:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітілген үлгідегі қызметін тоқтатуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) шешімін;

мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесін;

мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесін ұсынады;

заңды тұлғаның қызметін тоқтатуын мемлекеттік тіркеу үшін төленген төлемді растайтын құжат.

9) филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттарды:

осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес заңды тұлға, филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы өтінішті;

филиал (өкілдік) туралы ережені;

филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығару үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын түбіртеккі немесе өзге де құжатты ұсынады.

Соттың шешімі бойынша таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу соттың шешімі және тарату іс жүргізуін аяқтау туралы сот ұйғарымы негізінде жүзеге асырылады.

Мәжбүрлеп тарату туралы шешім шыққан заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептен шығару, филиал туралы ережеге қоса тапсырылып, осы шешім негізінде жүзеге асырылады.

Сот борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім қабылдаған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару заңды күшіне енген соттың банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарымының негізінде жүзеге асырылады.

Порталда заңды тұлға, филиал және өкілдік қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін осы стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып және "электрондық үкімет" төлем

шлюзі арқылы тіркеу алымын төлей отырып, электрондық құжат нысанында толтыру арқылы заңды тұлғаның, филиалдың немесе өкілдіктің қызметін тоқтату туралы өтініш беріледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), көрсетілетін қызметті алушының жарна сомасын төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді, қызметін тоқтатып отырған заңды тұлға, филиал (өкілдік), шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы(болуы) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімді береді.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге әрі қарай сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін:

1) заңды тұлғаны (филиалды немесе өкілдікті) тарату тәртібін бұзу, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден шығарылмаған филиалдары (өкілдіктері) болған жағдайлар;

2) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не мемлекеттік кіріс органдарының мұндай заңды тұлғаның (шетелдік заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі) Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда, берешек туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартуы;

3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

4) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

5) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет

түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

б) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы негіз болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) шағым осы стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның тегі, аты-жөні (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға өтініш иесі қол қояды .

Шағым беру барысында үстінен шағым түскен субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың фамилиялары мен инициалдары, жолдама мен талаптардың негіздемелері ("Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес) көрсетілуі тиіс.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол, сонымен қатар бейне конференция байланысы немесе бейне жолдау арқылы қабылданады .

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша не 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылдануын растау оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты алу мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" портал арқылы шағым жіберген кезде өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу орындау туралы белгі қою, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдануға құқылы.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті, орталық мемлекеттік орган, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен, қала ішіндегі ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, елді мекеннің, ауылдың, ауылдық округтің әкімімен шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын уақытқа созылады.

3) шағым бойынша қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу, болмаса орналасқан жерге тексерумен шығу.

4) Қосымша мәлімет алу.

Шағымды қарау мерзімі созырылған жағдайда, шағымды қарауға өкілеттілігі бар лауазымды тұлға, арызды қарау мерзімі созырылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде, арыз берген қызмет тұтынушыны арызды қарау мерзімі созырылғаны туралы жазбаша түрде(арыз қағазға жазылып берілген жағдайда) немесе электронды түрде(арыз электронды түрде берілген жағдайда), созырудың себебін түсіндіріп хабардар етеді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанында және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды заңнамалық тәртіппен белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бейімделуді жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға: 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

1) көрсетілетін қызметті беруші – www.adilet.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефоны: 8 (7172) 58 00 58. Бірыңғай байланыс-орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Заңды тұлға қызметінің
тоқтатылуын мемлекеттік
тіркеу, филиал мен өкілдік
есептік тіркеуден шығару"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан
(Көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, болғанкезде
әкесінің аты (бұдан әрі -
ТАӘ), не ұйымның атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

Осы қолхат әрбір тарап үшін біреуден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (болған жағдайда)(Мемлекеттік корпорация қызметкері) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.(болған жағдайда) _____

Телефон _____

Алдым: Т.А.Ә.(болған жағдайда) /_____/ көрсетілетін қызметті алушының
қолы

20__ жылғы " __ " _____

"Заңды тұлға қызметінің
тоқтатылуын мемлекеттік
тіркеу, филиал мен өкілдікті
есептік тіркеуден шығару"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

тіркеу органының атауы

Нысан

Заңды тұлға, филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы өтініш

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _____ 2) филиал _____

3) өкілдік _____

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы _____

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) (болмаған жағдайда тіркеу нөмірі) _____

4. Қызметті тоқтату негіздемесі мынаның нәтижесінде туындады (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) тарату _____ 2) қосылу арқылы қайта ұйымдастыру _____

5. Заңды тұлға, филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылуы (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) ерікті _____ 2) мәжбүрлі _____

6. Заңды тұлға, филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылуы туралы хабарландыру жарияланған баспа органының атауы, нөмірі және жариялану күні

7. Заңды тұлғаның филиалдары (өкілдіктері) туралы мәліметтер (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

Өтінішке: _____

_____ коса беріледі

Өтініш берушінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

20__ жылғы " __ " _____ (қолы)

"Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Алым мөлшерлемесі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алымдарды төлеу күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі осы баптың мәтіні бойынша - АЕК) мөлшері негізге алына отырып есептеледі және мыналарды құрайды:

р/с №	Тіркеу іс-әрекеттерінің түрлері	А л ы м мөлшерлемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін:	

1.1	занды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін	6,5
1.2	саяси партияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін	14
2	Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерді, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің кооперативтерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін:	
2.1	мемлекеттік тіркегені, қызметтің тоқтатылуын тіркегені, есептік тіркегені, есептік тіркеуден шығарғаны үшін	1
2.2	қайта тіркегені үшін	0,5
3	Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін:	
3.1	тіркегені үшін (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде)	2
3.2	қайта тіркегені, қызметтің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), есептік тіркеуден шығарғаны үшін	1

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2019 жылғы 26 маусымдағы
 № 349 бұйрығына
 7-қосымша

"Заңды тұлғалар мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ереже

1. "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі әзірледі (бұдан әрі – Министрлік).

3. Мемлекеттік қызметті Әділет Министрлігі мен оның аумақтық органдары коммерциялық болып табылмайтын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге және "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (

бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдарға және өкілдіктерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсынуды:

www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал).

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Порталда жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
порталда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: электрондық (автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі мыналар:

тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы;

заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің бар екендігі туралы;

заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы;

жеке тұлғаның заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысуы туралы;

заңды тұлғаны әрекетсіз заңды тұлға деп тану немесе оның қатысушыларының әрекетсіз заңды тұлғаларға қатысы бар екендігі тану туралы;

құрылатын заңды тұлғаның атауы тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектінің атауымен сәйкес келуі туралы;

заңды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы;

көрсетілген күнде тіркелген заңды тұлға туралы;

құрылтай құжаттарына енгізілген соңғы өзгерістер туралы;

заңды тұлғаның үлесіне салынған ауыртпалықтар (тыйым салу) туралы анықтамалар болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

порталға:

осы стандартың 1-қосымшаға сәйкес берілген ақпарат түрін көрсете отырып, нысан бойынша "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан электрондық өтініш бойынша анықтама алуға (бұдан әрі - өтініш);

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгесі көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері иісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық цифрлік қолмен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған кезде портал арқылы электрондық нысанда немесе порталдың есеп жазбасына ұялы байланыс операторымен ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеу және қосу жағдайында, бір реттік парольды пайдалану арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алады.

9-1. Мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

3) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы негіз болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілер және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне , әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) шағым осы стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қоюға тиіс.

Шағым беру барысында үстінен шағым түскен субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың фамилиялары мен инициалдары, жолдама мен талаптардың негіздемелері("Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес) көрсетілуі тиіс.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол, сонымен қатар бейне конференция байланысы немесе бейне жолдау арқылы қабылданады .

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13–тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына не Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылдануын растау оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жіберіледі, не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты алу Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жүзеге асырылады: 1414, 8 800 080 7777.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" портал арқылы шағым жіберген кезде өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, оны ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі қою, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті, орталық мемлекеттік орган, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен, қала ішіндегі ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, елді мекеннің, ауылдың, ауылдық округтің әкімімен шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын уақытқа созырады:

5) шағым бойынша қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу, болмаса орналасқан жерге тексерумен шығу.

6) Қосымша мәлімет алу.

Шағымды қарау мерзімі созырылған жағдайда, шағымды қарауға өкілеттілігі бар лауазымды тұлға, арызды қарау мерзімі созырылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде, арыз берген қызмет тұтынушыны арызды қарау мерзімі созырылғаны туралы жазбаша түрде(арыз қағазға жазылып берілген жағдайда) немесе электронды түрде(арыз электронды түрде берілген жағдайда), созырудың себебін түсіндіріп хабардар етеді.

11. Көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды заңнамалық тәртіппен белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бейімделуді жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға: 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

1) көрсетілетін қызметті беруші – www.adilet.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.

14. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефоны: 8 (7172) 58 00 58. Бірыңғай байланыс-орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

(көрсетілетін қызметті беруші)

Нысан

"Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан анықтама алуға сұрау салу
Мен, _____

_____ (Жеке тұлғаның Т.А.Ә. (болған жағдайда), паспорт деректері (жеке куәлік деректері)

және тұрғылықты жері)

_____ (заңды тұлғаның атауы және деректемелері)

_____ негізінде әрекет етуші
(өкілеттігін куәландыратын құжат деректемелері)

атынан _____

(уәкілетті өкіл толтырады)

Маған _____

— "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан анықтама беруіңізді сұраймын.

— Мынадай құжаттарды қоса беремін:

— Күні _____, _____ / _____

— (өтініш берушінің/уәкілетті өкілдің (Т.А.Ә.(болған жағдайда) және қолы)

(сұрау салуды қабылдаған маманның Т.А.Ә. (болған жағдайда)және қолы)

Өтінішті орындау/қарау нәтижесі:

тексерілді: күні 20__ жылғы _____

(маманның Т.А.Ә.(болған жағдайда) және қолы

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 26 маусымдағы
№ 349 бұйрығына
8–қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11384 болып тіркелген, 2015 жылы 9 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12410 болып тіркелген, 2015 жылы 22 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 46 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13064 болып тіркелген, 2016 жылы 9 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 31 қазандағы № 948 бұйрығы. (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14440 болып тіркелген, 2016 жылы 28 қарашада Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 485 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15165 болып тіркелген, 2017 жылы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

6. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 5 қаңтардағы № 24 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16318 болып тіркелген, 2018 жылы 20 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 524 бұйрығы (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16779 болып тіркелген, 2018 жылы 25 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

8. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 22 қарашадағы № 1549 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17779 болып тіркелген, 2018 жылы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК